

2016 жыл ішінде «Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі есеп

Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 28 мамырдағы "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" № 160/5 қаулысына (2016 жылғы 19 ақпандағы №41/2 өзгерістермен) денсаулық сақтау басқармасымен және оған қарасты ұйымдармен мемлекеттік қызметтің 17 түрі көрсетіледі.

2016 жыл ішінде барлығы **3821744** мемлекеттік қызмет көрсетілген.

«Дәрігерді үйге шақыру» және «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызметтері электронды және электронды емес форматта ұсынылады.

«Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызмет қазіргі таңда өте қажет болып отыр. Қызметті алғашқы медико-санитарлық көмек көрсететін, медициналық ұйымдар көрсетеді, сонымен қатар денсаулық сақтау басқармасының сайтында электронды тіркеу орны арқылы дәрігердің қабылдауына жазылуға және дәрігерді үйге шақыртуға болады. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электронды (кей жерлері автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Есепті кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдардың және белгіленген мерзімдердің бұзылуы туралы мәліметтер келіп түскен жоқ.

Жалпы «Азаматтарға арналған үкімет» мемкорпорациясы арқылы көрсетілген, мемлекеттік қызмет түрлері жоғары екендігі байқалады.

2016 жылы тікелей Мемкорпорация арқылы көрсетілген – 40758.

Электронды түрде көрсетілген – 29812.

Электронды түрде «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілген – 25 қызмет.

Қызмет ұсынушының ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде көрсетілген – 29194 қызмет.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша қызметкерлердің кәсіби деңгейлерін арттыру үшін мамандарды жиі оқытылады. 2016 жыл ішінде Павлодар аймақтық мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру курстарында 5 мемлекеттік қызметкер «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жағдайларында мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру» тақырыбы бойынша оқытылды.

Басқармамен Павлодар облысы денсаулық сақтау саласында 2016 жылға арналған мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі және мерзімдері туралы тұрғындарды ақпараттандыру жөніндегі түсіндіру жұмыстарының жоспары әзірленді. Осы жоспар аясында дөгелек үстел, семинарлар өткізілді.